



**Қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді тоқтату, оларды жасаған адамдарды ұсташау және ішкі істер органдарына жеткізу мақсатында ішкі істер органдарының қызметкерлері қолданатын арнайы және көлік құралдарының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 30 қазан N 1375

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 U952707\_ Заң күші бар Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді тоқтату,

оларды жасаған адамдарды ұсташау және ішкі істер органдарына жеткізу мақсатында ішкі істер органдарының қызметкерлері қолданатын арнайы және көлік құралдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 30 қазандығы  
N 1375 қаулысымен  
бекітілген

Қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді тоқтату, оларды жасаған адамдарды ұсташау және ішкі істер органдарына жеткізу мақсатында ішкі істер органдарының қызметкерлері қолданатын арнайы және көлік құралдарының Тізбесі

Арнайы құралдар

1. Резина таяқтар.
2. Қол кісендер.

3. Көзден жас ағызатын заттар - гранаталар, патрондар, аэрозольды баллондар ("Черемуха", "Сирень", "Волна" және т.б.), аэрозольды кешен ("Жасмин" және т.б.).
  4. Жарық-дыбыс құрылғылары ("Заря", "Пламя" және т.б.).
  5. Тұтін шығаратын құрылғылар - тұтіндектіш қол гранаталары ("Факел" және т.б.), бейтарап тұтінді шашкалар.
  6. Көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құралдар ("ЕЖ" және т.б.).
  7. Механикалық әрекеттерден қорғануға арналған бұйымдар - каскалар, қорғанудың 1-4 деңгейіндегі қорғану жилеттері, барлық түрлендірудегі соққыға қарсы қалқандар.
- Арнайы көлік құралдары
1. Кезекші бөлімдердің автомобилъдері.
  2. Құзет бөлімшелерінің ұстап алу топтарының автомобилъдері.
  3. Патрульдік (патрульдік полиция мен жол полициясының) автомобилъдер.
  4. Ішкі істер органдарының жеке құрамын тасымалдау үшін жабдықталған автомобилъдер.
  5. Қызметтік иттері бар полиция нарядтарын тасымалдауға арналған автомобилъдер.
  6. Штаб автомобилъдері, жылжымалы байланыс тораптары - автомобилъдер.
  7. Жаппай тәртіпсіздік орындарына ішкі істер органдарының жеке құрамын тасымалдауга арналған бронетранспортерлар.
  8. Суатқылармен жабдықталған өрт сөндіруші және арнайы автомобилъдер.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК